

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
Мәдениет комитетінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 наурыздағы N 449 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің қарауындағы мыналар қайта құру жолымен:
қосымшаға сәйкес мемлекеттік мекемелер - республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары;

"Республикалық жөндеу-құрылыс және жаңарту басқармасы" мемлекеттік мекемесі - шаруашылық жүргізу құқығы бар "Республикалық жөндеу-құрылыс және жаңарту басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны;

"Республика сарайы" мемлекеттік мекемесі - шаруашылық жүргізу құқығы бар "Республика сарайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны;

"Материалдық мәдениет ескерткіштерін ғылыми-зерттеу және жобалау институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны - шаруашылық жүргізу құқығы бар "Материалдық мәдениет ескерткіштерін ғылыми-зерттеу және жобалау институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны;

"Қазақ мемлекеттік циркі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны - шаруашылық жүргізу құқығы бар "Қазақ мемлекеттік циркі" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны болып қайта ұйымдастырылсын.

2. "Ұлттық продюсерлік орталығы", "Қазкинопрокат" республикалық өндірістік бірлестігі", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кинофильмдер қоры (Мемфильмқоры)" мекемелері мен "Ш. Айманов атындағы қазақ кинофабрикасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын қосу жолымен "Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" ұлттық компаниясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны болып қайта ұйымдастырылсын.

3. Қызметтің мынадай негізгі нысандары:

осы қаулының 1-тармағының екінші, төртінші және алтыншы абзацтарында көрсетілген кәсіпорындардың концерттік көріністер, театрлық көріністер және басқа да мәдени-бұқаралық шаралар салаларында өндірістік-шаруашылық қызметті іске асыратыны;

осы қаулының 1-тармағының үшінші абзацында көрсетілген кәсіпорынның Қазақстан Республикасы мәдениет және сәулет ескерткіштерін жөндеу, қалпына келтіру, консервациялау және қайта құру жұмыстарын орындайтыны;

осы қаулының 1-тармағының бесінші абзацында көрсетілген кәсіпорынның

республиканың тарихи және этно-мәдени орталықтары жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетіні, тарихи және мәдени ескерткіштерін қайта қалпына келтіру, жаңғырту және консервациялау жөніндегі ғылыми-жобалау құжаттамаларын әзірлейтіні;

осы қаулының 2-тармағында көрсетілген, құрылатын кәсіпорынның ұлттық киноның жоғары сапалы көркем туындыларын шығаруды жүзеге асыратыны, мемлекеттік фильмдер қорын жасайтыны және сақтайтыны, фильмдер прокатын ұйымдастыруды жүзеге асыратыны анықталсын.

4. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.**

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті заңда белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін;

2) кәсіпорындардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6 . < * >

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.24. N 1172 қаулысымен .

7. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы кинофильмдерінің мемлекеттік қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 3 шілдедегі N 909 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 23, 261-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 51-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат).

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 8 н а у р ы з д а ғ ы

№ 4 4 9 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің

**республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар болып
қайта құрылатын мемлекеттік мекемелерінің
Тізбесі**

1. "Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры" мемлекеттік мекемесі - "Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры" қазыналық кәсіпорыны

2. "М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театры" мемлекеттік мекемесі - "М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театры" қазыналық кәсіпорыны

3. "М. Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры" мемлекеттік мекемесі - "М.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры" қазыналық кәсіпорыны

4. "Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" мемлекеттік мекемесі "Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" қазыналық кәсіпорыны

5. "Н.Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" мемлекеттік мекемесі - "Н.Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" қазыналық кәсіпорыны

6. "Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі" мемлекеттік мекемесі - "Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі" қазыналық кәсіпорыны

7. "Республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры" мемлекеттік мекемесі - "Республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры" қазыналық кәсіпорыны

8. "Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театры" мемлекеттік мекемесі - "Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театры" қазыналық кәсіпорыны

9. "Республикалық неміс драма театры" мемлекеттік мекемесі - "Республикалық неміс драма театры" қазыналық кәсіпорыны

10. "Мемлекеттік қуыршақ театры" мемлекеттік мекемесі - "Мемлекеттік қуыршақ театры" қазыналық кәсіпорыны

11. "Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясы" мемлекеттік мекемесі - "Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясы" қазыналық кәсіпорыны

12. "Қазақконцерт" мемлекеттік гастрольдік-концерт бірлестігі" мемлекеттік мекемесі - "Қазақконцерт" мемлекеттік гастрольдік-концерт бірлестігі" қазыналық кәсіпорыны

13. "Қазақстан Республикасының "Салтанат" мемлекеттік би ансамблі" мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Республикасының "Салтанат" мемлекеттік би ансамблі"

қ а з ы н а л ы қ

к ә с і п о р ы н ы

14. "Қазақстан Камератасы" классикалық музыка ансамблі" мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Камератасы" классикалық музыка ансамблі" қазыналық кәсіпорыны

15. "Қазақстан Республикасының академиялық классикалық би ансамблі" мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Республикасының академиялық классикалық би ансамблі" қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р ы н ы

16. "Гүлдер ансамблі" мемлекеттік мекемесі - "Гүлдер ансамблі" қазыналық к ә с і п о р ы н ы

17. "Қазақ мәдениеті мен өнер тану ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік мекемесі - "Қазақ мәдениеті мен өнер тану ғылыми-зерттеу институты" қазыналық к ә с і п о р ы н ы

18. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық музейі" мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық музейі" қазыналық к ә с і п о р ы н ы

19. "Бірегей музыкалық шекті аспаптар мемлекеттік коллекциясы" мемлекеттік мекемесі - "Бірегей музыкалық шекті аспаптар мемлекеттік коллекциясы" қазыналық к ә с і п о р ы н ы

20. "Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі" мемлекеттік мекемесі - "Қазақстан Республикасының Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер м у з е й і" қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р ы н ы

21. "Алтын және бағалы металдар музейі" мемлекеттік мекемесі - "Алтын және бағалы м е т а л д а р м у з е й і" қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р ы н ы

22. "Ықылас атындағы республикалық музыкалық халық аспаптар музейі" мемлекеттік мекемесі - "Ықылас атындағы республикалық музыкалық халық аспаптар м у з е й і" қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р ы н ы

23. "Республикалық кітап музейі" мемлекеттік мекемесі - "Республикалық кітап м у з е й і" қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р ы н ы

24. "Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешені" мемлекеттік мекемесі - "Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың мемлекеттік әдеби-мемориалдық м у з е й к е ш е н і" қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р ы н ы

25. "Республикалық және халықаралық мәдени бағдарламалардың дирекциясы" мемлекеттік мекемесі - "Республикалық және халықаралық мәдени бағдарламалардың д и р е к ц и я с ы" қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р ы н ы

26. "Көрмелер мен аукциондар дирекциясы" мемлекеттік мекемесі - "Көрмелер мен а у к ц и о н д а р д и р е к ц и я с ы" қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р ы н ы

27. "Ұлттық тарихи-мәдени "Ордабасы" қорығы мемлекеттік мекемесі "Ұлттық тарихи-мәдени "Ордабасы" қорығы қазыналық кәсіпорыны болып қайта құрылсын.

